

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 7 қазандағы № 48/15 " Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін, тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 21 мамырдағы 4/3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 17 маусымда № 23073 болып тіркелді

ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін, тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2020 жылғы 7 қазандағы № 48/15 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6586 болып тіркелген) мына өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы";

шешімнің 1-тармағы алынып тасталсын;

шешімге 1-қосымша осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы, Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан
облыстық мәслихатының
2021 жылғы 21 мамырдағы
№ 4/3 шешіміне
қосымша
Мәслихаттың
2020 жылғы 7 қазандағы
№ 48/15 шешіміне
1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының негізінде әзірленді, Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне (бұдан әрі - қызметкерлер) бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

2. Әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі уәкілетті орган - "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган).

3. Жұмыс беруші - тиісті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымы.

4. Медицина қызметкері - жоғары кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

5. Фармацевтика қызметкері - жоғары фармацевтикалық білімі бар және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға.

2. Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері

6. Әлеуметтік қолдау алу құқығына жұмыс берушімен еңбек шартын жасасқан және Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау шараларын беру туралы уәкілетті органмен және жұмыс берушімен келісім жасалған күннен бастап бірінші бес жылда еңбек міндеттерін орындап жүрген қызметкерлер ие болады.

7. Әлеуметтік қолдау мынадай бір жолғы төлемнен тұрады:

1) Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласына жұмысқа жіберілген қызметкерлерге 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде;

2) Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық жеріне және кенттеріне, аудандық маңызы бар қалаларына жұмысқа жіберілген қызметкерлерге 2 500 000 (екі миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде.

8. Қызметкерлер әлеуметтік қолдау алу үшін уәкілетті органға мына құжаттарды ұсынады:

- 1) жеке куәлігінің көшірмесі;
- 2) жоғары кәсіптік білімі туралы дипломының көшірмесі;
- 3) еңбек еткенін растайтын құжатының көшірмесі (Қазақстан Республикасы еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес);
- 4) мемлекеттік медицина ұйымына жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі.

9. Әлеуметтік қолдау көрсету туралы құжаттарды қарауды комиссия жүзеге асырады.

Комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрауы тиіс.

Комиссия төрағасы лауазымы бойынша уәкілетті орган басшысының орынбасарынан төмен емес тұлға болып табылады.

Хатшы комиссия мүшесі болып табылмайды.

10. Комиссия мына функцияларды жүзеге асырады:

- 1) қызметкерлер ұсынған құжаттарды қарайды;
- 2) қызметкерлерге әлеуметтік қолдау ұсыну не ұсынудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

11. Комиссия қызметкерлер ұсынған осы Тәртіптің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қарайды және он бес жұмыс күні ішінде шешім қабылдайды.

12. Біржолғы төлем қызметкерлердің өтінішінің негізінде, екінші деңгейлі банкте ашылған есептік шотына аудару арқылы отыз күнтізбелік күн ішінде төленеді.

Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету облыстық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде қызметкерлерге комиссияның қабылдаған шешімі туралы хабарлайды.

13. Қызметкерлермен еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, жұмыс беруші үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға хабарлайды.

14. Қызметкерлер төленген әлеуметтік қолдауды қайтаруды осы Тәртіптің 13-тармағында көзделген негіздер бойынша күнтізбелік отыз күн ішінде жұмыс істеген уақытына тепе-тең жүргізеді.